

Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 ақпандағы N 151 Қаулысы

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 17-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес әскери қызметке жарамды және оны өткермеген запастағы офицерлер заңнамада белгіленген тәртіппен 2005 жылы үш жыл мерзімге офицерлік құрамның лауазымдарында әскери қызметке шақырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 18 ақпандағы
N 151 қаулысына

ҚОСЫМША

2005 жылы әскери қызметке шақырылуға жататын әскери есепке алу мамандықтары бойынша запастағы офицерлердің саны

Р / с N	Әскери есепке алу мамандығы	Саны
Офицер		
1	мотоатқыштар әскерлері	44
2	танк әскерлері	33
3	артиллерист	39
4	радиотехникалық және әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері	25
5	автомобиль әскерлері	19
6	байланыс	16
7	медицина қызметі	18
8	тыл	12
9	тәрбиелік және құқықтық жұмыс бойынша	34
10	журналист	4
11	химиялық әскерлер	4

12	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полициясы үшін заңгер	10
13	Қазақстан Республикасының әскери прокуратурасы үшін заңгер	10
14	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу департаменті үшін заңгер	10
15	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері	35
16	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі	100
17	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	5
	БАРЛЫҒЫ	418

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК